

Қазақстан Республикасының радиожилік ресурсын пайдалану тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 23 маусым N 870. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.10.15. N 1266 қаулысымен.

Республиканың радиожилік ресурсын пайдалану мәселелерін тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі жанындағы Радиожилік жөніндегі мемлекеттік комиссияға (бұдан былай - Радиожилік жөніндегі мемлекеттік комиссия) радиожилік ресурсын басқару құқы берілсін.

2. Радиожилік жөніндегі мемлекеттік комиссияға радиожилік спектрін негізгі пайдаланушылардың оны тиімді пайдалану мәселесі бойынша тұрақты түрде отыруды практикаға айналдыру және үш ай мерзімде:

Радиобайланыстың халықаралық регламенті бойынша құрғақтығы жылжымалы және орнықты радиобайланысы үшін бөлінген 800-1000 мегагерц, 1,5-3,0 гигагерц диапазондарында спектрлер учаскелерінің пайдаланылуына талдау жасап, олардың жаңа байланыс қызметтерін енгізу үшін пайдаланылуы жөнінде ұсыныс әзірлесін. Осы мақсатпен республикадағы радиожилік спектріне толық тексеру жүргізіп, министрліктердің, ведомстволар мен ұйымдардың арасында жиіліктерді (спектр учаскелерін) бөлуге түзетулер енгізу;

нақты станцияларға жиілік (спектр учаскесін) тағайындау тәртібі әзірленіп, бекітілсін. Жиіліктерді заңсыз пайдаланғандығы үшін жауапкершілікке тарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиакомпаниясымен бірлесе отырып, рентабельдігі жоғары жаңа телекоммуникациялық қызметтер енгізу мақсатымен Радиобайланыстың халықаралық регламентіне жедел радиобайланысы үшін бөлінген диапазондарды барынша босату шараларын әзірлеп, жүзеге асыру;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің мемлекеттік электр байланысы инспекциясының қызметін ретке келтіретін құқықтық негіздерді жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу тапсырылсын.

3. Белгіленген тәртіппен уақытша немесе тұрақты пайдалануға өздеріне

радиожиилік (спектр учаскелері) бекітіліп берілген кез-келген пайдаланушы оны басқа тұтынушыларға беруіне жол берілмейді деп белгіленсін.

4. Шетелдік әріптестермен бірлескен кәсіпорындар құру кезінде жиілік спектрін пайдалану құқығы Қазақстан жағының үлесі болып есептеледі және әрбір жағдайда дербес бағалауға жатады деп айқындалсын.

5. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне аса маңызды жұмыстар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасының жекелеген аудандарда немесе бүкіл аумағында радио сәулелендіруші құралдардың пайдаланылуына уақытша тыйым салуды енгізу құқығы берілсін.

6. Радиожиилік жөніндегі мемлекеттік комиссия мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, 1995-1996 жылдары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жиіліктер тізілімін жасауды аяқтайтын болсын.

7. Көлік және коммуникациялар министрлігіне, Қорғаныс министрлігіне Қазақстан Республикасының Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетімен және Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Заң күші бар Жарлығына сәйкес радиожиилік спектрін пайдаланғаны үшін төлемдер тәртібімен радиожииліктерді пайдалануға лицензия берудің және оны үйлестіру жұмыстарын жүргізу тарифтерін әзірлесін.

8. Радиожиилік жөніндегі мемлекеттік комиссия Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігімен бірлесе отырып, радиожиилік спектрін пайдалануды бақылау мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізісін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің
бірінші орынбасары

